

ӘОЖ 741.68

## ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАҚ-ТА АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ТАҚЫРЫБЫНЫҢ КӨТЕРІЛУІ

Саипбек Ақмарал Ақзамқызы  
aagzamkyzy@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану факультетінің ІІ курс  
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор М.Б.Шиндалиева

Ұлттық қауіпсіздіктің көптеген проблемаларының ішінде ақпараттық қауіпсіздік мәселесі маңызды орын алады. Соңғы уақытта ел азаматтарының жеке деректері қолды болып, жария болып жатқан жағдайлар ақпараттық қауіпсіздіктің өзектілігін көрсетті. Осы орайда киберқауіпсіздік пен ақпараттық шабуылдар туралы БАҚ беттерінде жазылуы қаншама қауіптің алдын алуына себеп болмақ. Азаматтардың сауатын арттырып, желідегі жазбаларды сүзгіден өткізуді үйретеді.

Қазір Қазақстанда 2 мың 763 БАҚ жұмыс істейді, ҚР ақпарат және коммуникация министрлігінің мәліметінше, олардың басым бөлігі – баспасөз басылымдар. Маркетингтік зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес, телевизия – БАҚ-тың аса танымал түрі болып қалып келеді. Отандық КТК телеарнасы аса көрілетін, рейтингі ең жоғары – 13,8% арна.

Халықаралық электробайланыс одағының (ITU) есебіне сәйкес Қазақстан 2018-2019 жылдары Киберқауіпсіздіктің жаһандық индексіне былтырғы рейтингпен салыстырғанда (82-орын) 42-тармаққа көтеріліп, 40-шы орынды иеленді. Яғни, еліміз киберкеңістіктен шығатын қауіптерге қарсы тұру дайындығы жоғары мемлекеттер тізіміне кірді. Соңғы кездері ақпараттық қауіпсіздік тақырыбының өзекті болғаны сонша арнайы форумдар өткізіліп, Президент арнайы тапсырма беріп, осы салаға барынша назар салу керегі айтылып жүр. Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері қоғамдық өмірдің түрлі салаларында маңызды рөл атқаруы және бүгінгі күні күн тәртібінде бірінші кезекте болуға тиіс. Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздігі елдің ұлттық қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі болып табылады. Ол халық пен мемлекет қызметінің түрлі салаларында республиканың ұлттық мүдделеріне ықпал етеді. Сондықтан БАҚ саласындағы мамандардың ақпараттық соғыста қаламын қару етіп, елдің мүддесі үшін күресуі керек.

«Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Киберқауіпсіздік: Ғаламтор ұрыларына тұсау болмай тұр» атты мақалаға талдау жасап көрейік. Автор ақпараттық қауіпсіздік тақырыбының қаншалықты өзекті екенін мысал түрінде көрсетіп, шетел тәжірибесімен салыстырады. «Бүгінгі дәуір инновациялық технологиямен тығыз байланысты. Ғасыр игіліктері өмірді жеңілдетіп, өркениетті қоғам құруға адамзатқа қолғабыс етуде. Алайда, цифрлы әлемнің пайдасымен қатар қатерлі тұстары да бар. Тұрмыс-тіршілігіміз цифрлы форматқа ауысқан сайын қорғансыз жақтарымыз да айқындалып жатыр. Мәселен, биылғы сайлау науқанында 11 миллиондай қазақстандықтың жеке мәліметтері қолды болғаны

есімізде. Сондай-ақ мыңға жуық азаматтың Damumed жүйесіндегі жеке ақпараты интернетке лезде таралған еді. Бұл киберқауіпсіздік мәселесінің өзектілігі уақыт санап артып келе жатқанын көрсетеді. Осы ретте «Қорғансыздың күнін» кешуге неге мәжбүрміз деген сұрақ туындайды?» [1] -, дейді автор. Одан кейін автор «Криптовалюта ұрлау көбейді» және «Банктерге шабуыл жиі жасалады» деген тақырыпшаларында қаншама қаржының қайтарымсыз болғаны туралы мәселе көтереді. «2016-2019 жылдар аралығында құрамына орыс тілді хакерлер кіретін The Silence тобы әлемнің бірнеше банкінен 4,2 млн долларды ұрлаған. Бұл туралы Group-IB компаниясының есебінде айтылған. Осы кезеңде Threat Intelligence киберқауіпті мониторингілеу, талдау және болжау жүйесі Silence хакерлерінің түрлі елдердің банктеріне бағытталған кем дегенде 16 жаңа шабуылын анықтады. Group-IB мәліметтеріне сәйкес, биыл аталған топтың шабуылдау географиясы кеңейе түсті. Хакерлер Азия, Еуропа және ТМД аймағындағы 30-дан астам мемлекетте жұмыс стансаларына залал келтірді. Шілде айында Silence құрбандарының тізіміне Чили, Болгария және Гана елдеріндегі банктер қосылды. Маусымда хакерлер ресейлік банктерге шабуылдар сериясын ұйымдастырды. Сол секілді тағы екі шабуыл Қырғызстандағы қаржы институттары мен Бангладештегі Duch-Bangla банкіне жасалды. Ақпан айында Омбыдағы «ИТ Банкі» және Үндістандағы банктердің қаржылық жүйесіне нұқсан келді. Былтырғы жылмен салыстырғанда шығын мөлшері бес есеге өсті» [2], делінген мақалада.

Әрі қарай автор хакерлердің қақпанына көп түсетін елдердің бірі АҚШ-тағы ахуалды баяндайды. Былтыр 60 миллионнан астам америкалық кибершабуылдан зардап шегіп, мұның арты қаржылық-экономикалық қиындықтарға әкеліп соқты. Бұл туралы «Киберқауіпсіздік және киберқылмыс» конференциясында АҚШ-тың Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Уильям Мозер мәлімдеген. Мақала соңында Қазақстанда IT мамандардың жетіспейтіні туралы айтылған. Қазір мемлекеттік органдарда 1500 IT маман жұмыс істейді. Бұл қажетті қызметкерлер санынан екі есе аз. Ал жалпы Қазақстанда 30 мың киберқауіпсіздік маманы жетіспейтіні біраз уақыттан бері айтылып келеді. Ал бұл жолы автор Кибершабуылдарды талдау және тергеу орталығының президенті Олжас Сатиевтің пікірін негізге алып, мамандардың тапшылығын қалай жоюға болатынын қозғаған.

Ал келесі мақала «Айқын» газетінде жарық көрген. Журналист Амангелді Құрметтің «Ақпараттық қауіпсіздігіміз қандай?» мақаласында бұрын-соңды сөз болмаған тақырыптар ашылған. **«Жамбыл облысы Қордай ауданында болған жанжалдан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ақпараттық қауіпсіздік мәселелері жөнінде кеңес өткізген-ді. Бәлкім, «ақпараттық қауіпсіздіктің азаматтар арасындағы жанжалға қандай қатысы бар?» дейтін шығарсыз, алайда мамандар елді дүрліктіруге ақпараттың тікелей қатысы болатынын айтады» [3], - деп бастайды автор. Яғни, негізгі ойы – елде болып жатқан оқиғаларға деректерді талдаудың тікелей қатысы бар.** Әу баста Жамбыл жеріндегі жанжалдың тұрмыстық келіспеушілік шекарасынан шығып, кәдімгідей ұлтаралық қақтығыс сипатын алып кетуіне интернет арқылы тараған ақпарат себепші болған. Әрине, арандатушылардың тәсілдері, олар таратқан ақпараттың мазмұны, азаматтарымыздың айқайға сүрең қосып, дүрбелеңге еріп кетуі жан-жақты талдап, зерттейтін дүние. Дегенмен елді дүрліктірген оқиғада ақпаратты талғай білмейтініміз кері әсерін тигізгенін жоққа шығара алмаймыз. Одан бөлек, мемлекет қорғауы тиіс жеке деректердің тарап кеткені тағы бар. Әрі қарай журналист «Деректер базасын сататындар бар» деген тақырыпшамен азаматтардың жеке деректері қолды болып жатқанын айтады. «Өткен аптада Бас прокуратураның ақпараттық жүйесінде сақталуы тиіс көптеген деректердің интернетте жүргені белгілі болды. Кибершабуылдарды тергеу және анализ жасау орталығының (ЦАРКА) деректеріне қарағанда, Бас прокуратураның ақпараттық жүйесі интернетке адамдарға салынған айыппұл, берілген ескерту, мекенжайы, тәртіп бұзушының фотосы, көлік нөмірлері, техникалық паспорттың деректерін жіберіп отырған. Яғни, жүйеде қате бар деген сөз. Ал қаңтардың соңында ІІМ Өзіндік қауіпсіздік департаментінің мамандары Алматы қаласы Түркісіб аудандық криминалдық полиция бөлімі басшысының орынбасары, оның қызметкері мен тағы бір азаматты ұстады. Олар полиция базасындағы деректерді

сатумен айналысқан. Қылмыскерлер деректер базасын 1,5 млн теңгеге сатып, оған ай сайын парольді ауыстыру үшін 20 мың теңгелік абоненттік төлем алып отырыпты» [4], - делінген материалда. Сондай-ақ 11 млн адамның жеке деректері таралып кеткен оқиғаға қатысты тергеу амалдары қалай жүргізілгеніне тоқталған. Жалпы журналистің жазғандарынан ақпараттық қауіпсіздік саласында қарапайым адамдарды былай қойғанда қауіпсіздік органдарының қызметкерлері де мәселенің мәнісін жете түсінбейтінін байқаймыз. Әрине, автор мемлекет ғана емес, қалың бұқараның интернеттегі ізіне асқан жауаптылықпен қарап, кілт сөзден жеке парақшанда көрсетілетін деректерде сақ болу дұрыс екенін көрсетеді. Мақала соңында Қордай оқиғасына қайта айналып, ақпараттық шабуылдың ықпалы зор болғанын дәйектейді. Әлеуметтік желіде бұқараны дүрліктіретін ақпарат таратқандар болғанын алға тартады.

Түйіндей келе айтарымыз ақпараттық қауіпсіздік – бұл ұлттық қауіпсіздікпен тікелей байланысты ІТ-саласы. Ол ұлттық, өңірлік және халықаралық қауіпсіздікті айқындайтын басты факторлардың бірі, ал оны қамтамасыз ету – мемлекеттің басты басымдықтарының бірі болып табылады. Қазіргі уақытта оның деңгейі қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне толық көлемде сәйкес келмейді. Осыған байланысты ақпараттық қауіпсіздік проблемасын шешуде тек жүйелі, кешенді тәсіл ғана осы салада қойылған міндеттер мен мақсаттарды жүзеге асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Мұратқали Ж. Киберқауіпсіздік: Ғаламтор ұрыларына тұсау болмай тұр // Егемен Қазақстан. 4 (29703). 1 қараша. 2019.
2. <https://egemen.kz/article/212450-kiberqauipsizdik-ghalamtor-urylaryna-tusau-bolmay-tur>.
3. Құрмет А. Ақпараттық қауіпсіздігіміз қандай? // Айқын. 18 ақпан, 2020.
4. <https://aikyn.kz/21894/aqparattyq-qawipsizdigimiz-qandaj/>